

А.С. Еламанова* , К.А. Авсыдыкова 

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: yelamanova.ainur@gmail.com

ЖАС ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ТАЛДАУ

Бұл мақалада жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік қолдау бағытындағы біздің елдегі және бірқатар шет елдердегі атқарылып жатқан шаралар талданады. Жалғызбасты аналар, олардың ішінде жас аналарды әлеуметтік қолдау – бұл әрбір мемлекеттің отбасылық саясатының бір тармағы болуы тиіс, себебі жас аналар дүниеге некесіз бала әкелумен туындайтын қаржылық, моральдық және тағы басқа жағдайларды өздігінен жеңуге қауқарсыз келеді. Осындай аналарға әлеуметтік қолдау көрсету барысын зерделеу, сонымен қатар ерте жүктілік, жасөспірім жаста ана атану, әлеуметтік жетімдік мәселелерінің алдын алу жұмыстарын жүргізудің өзекті қажеттілігін де айқындайды.

Мақаланың негізгі мақсаты – біздің еліміздегі жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау жұмыстарын салыстыру, осы бағыттағы жұмыстардың іске асырудағы тиімді шараларды анықтау болып табылады. Мақаланы зерттеу әдісі отандық және шетелдік ғылыми зерттеу материалдарын талдау, сауалнамалар, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық көрсеткіштері алынды. Зерттеуге «Ана үйінде» және басқа дағдарыс орталықтарында уақытша тұратын 33 жалғызбасты жас аналардан сауалнама алынды.

Мақалада жас аналарға қаржылық қолдау көрсетумен бірге оларды психологиялық сүйемелдеу, психоэмоционалды жағдайын тұрақтандыру, қоршаған ортаға қайта бейімдеу және тағы басқа әлеуметтік бағыттардағы мәселелерді шешуде Қазақстан, Ресей, Франция, Норвегия, АҚШ, Жапония, Қытай және тағы басқа бірқатар елдердегі жұмыстар салыстыра талданады. Жүкті қыздар мен жас жалғызбасты аналарға әлеуметтік қолдауды талдау нәтижелері көмек қажет екенін және әлеуметтік жұмыс жүйесіндегі мәселені шешу қажеттілігін көрсетеді, нәтижесінде бұл мәселенің алдын алу шаралары ұсынылады.

Түйін сөздер: жас жалғызбасты аналар, ерте жүктілік, түсік жасату, әлеуметтік қолдау, социореадаптациялау.

A.S. Yelamanova*, K.A. Avsydykova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

*e-mail: yelamanova.ainur@gmail.com

Analysis of domestic and international experience in the field of social support for young single mothers

This article analyzes the measures taken in our country and a number of foreign countries in the direction of social support for single young mothers. Social support for single mothers, including young ones, should be one of the points of family policy of each state, since young mothers are not able to cope with financial, moral and other situations arising from the birth of an illegitimate child on their own. The study of the process of social support for such mothers also determines the urgent need for preventive work on the problems of early pregnancy, motherhood in adolescence, social orphanhood.

The main purpose of the article is to compare the work on social support for single mothers in our country, to determine effective measures for the implementation of work in this direction. The research method of the article is the analysis of materials of domestic and foreign scientific research, questionnaires, official statistical indicators of the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. The study interviewed 33 young single mothers temporarily residing in the «Mother's House» and other crisis centers.

In the article, in parallel with providing financial support to young mothers, a comparative analysis of work in Kazakhstan, Russia, France, Norway, the USA, Japan, China and a number of other countries is carried out in solving issues of social orientation: psychological support, stabilization of the psycho-emotional state, adaptation to the environment and others. The results of the analysis of social support

for pregnant girls and young single mothers show that help is needed and the need to solve the problem in the social work system, as a result, measures to prevent this problem are presented.

Key words: young single mothers, early pregnancy, abortion, social support, social adaptation.

А.С. Еламанова*, К.А. Авсыдыкова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: yelamanova.ainur@gmail.com

Анализ отечественного и международного опыта в области социальной поддержки молодых матерей-одиночек

В данной статье анализируются меры, предпринимаемые в нашей стране и ряде зарубежных стран в направлении социальной поддержки одиноких молодых матерей. Социальная поддержка матерей-одиночек, в том числе, молодых выступает одним из важным аспектов семейной политики каждого государства в связи с неспособностью молодых матерей самостоятельно справиться с финансовыми, моральными и другими ситуациями, возникающими с рождением внебрачного ребенка. Изучение процесса социальной поддержки таким матерям определяет также актуальную необходимость проведения профилактической работы по проблемам ранней беременности, материнства в подростковом возрасте, социального сиротства.

Основной целью статьи является сравнение работы по социальной поддержке одиноких матерей в стране, определение эффективных мер по реализации работы в данном направлении. Методы исследования – анализ материалов отечественных и зарубежных научных исследований, анкетные опросы, официальные статистические показатели Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. В исследовании были опрошены 33 молодые матери-одиночки, временно проживающие в «Доме мамы» и других кризисных центрах.

В статье также представлены результаты сравнительного анализа работы в Казахстане, России, Франции, Норвегии, США, Японии, Китае и ряде других стран в решении вопросов социальной направленности: психологического сопровождения, стабилизации психоэмоционального состояния, адаптации к окружающей среде и другое. Результаты анализа социальной поддержки беременных девушек и молодых матерей-одиночек показывают необходимость профилактики и решения данной проблемы в системе социальной работы.

Ключевые слова: молодые матери-одиночки, ранняя беременность, аборт, социальная поддержка, социореадаптация.

Кіріспе

Жас жалғызбасты аналар материалдық, әлеуметтік, психологиялық, құқықтық, медициналық және тағы басқа мәселелерге кезігеді. Аталған проблемаларды кешенді тұрғыдан шешу түрлі елдерде әрқилы жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы жұмыстардың бірден-бір міндеттері: қиын өмірлік жағдайға тап болған жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік ортаға бейімдеу, уақытша баспанамен қамтамасыз ету, кейін жұмысқа орналасу үшін жаңа кәсіби дағдыларды игерулеріне ықпал ету.

Жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік қолдау бұл олардың әлеуметтік контекстке қайта қосылу процесіне жәрдемдеседі.

Зерттеу әдіснамасы

Алға қойылған мәселені зерделеу барысында эмпирикалық база ретінде отандық және шетелдік ғылыми зерттеу материалдарын тал-

дау, анкеталық сауалнамалар, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық көрсеткіштері алынды. Зерттеуге «Ана үйінде» және басқа дағдарыс орталықтарында уақытша тұратын жалғызбасты жас аналар (33 адам) тартылды. Зерттеудің мақсаты – біздің еліміздегі жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау жұмыстарын салыстыру, осы бағыттағы жұмыстардың іске асырудағы тиімді шараларды анықтау болып табылады.

Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау мен қорғау мәселесі зайырлы мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттары болуы тиіс және ерте жүктілік пен бала табудың алдын алу шаралары жүйелі жүргізілуі қажет. Эмпирикалық зерттеу мақсатында жалғызбасты жас аналардың қоғамға қайта бейімделуі үшін қажетті ресурстар туралы түсінігін айқындау зерделенді. Ол үшін арнайы анкета дайындалды.

Зерттеу нәтижелері

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен, рухани құндылықтардың ауысуымен сипатталады, ол өз кезегінде неке-отбасылық қатынастарға әсерін тигізіп отырады. Жас жалғызбасты аналар санының күрт артуы осындай өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы әлем бойынша жалғызбасты аналарға деген көзқарас әртүрлі. Мен мақаламда жеке тұлғалық қарым-қатынастағы дағдарыстық жағдайдың кесірінен, яғни жас кезінде некесіз жүкті болып қалған аналар мәселесіне көбірек тоқталатын боламын, себебі жасы келген, қоршаған ортада өзіндік орны, тұрақты жұмысы бар, саналы түрде «өзі үшін» дүниеге бала әкелетін аналардың мәселесі басқаша көзқарасты талап етеді. Біз әрине, мұндай жалғызбасты аналардың проблемасы жоқ деуден аулақпыз, бірақ жас ана атанғандар мен жасы келген шақта отбасын құруды ойланып, өзінің барлық талаптарына сай келетін жар таппаған жағдайда бала туып алуды мақсат еткен жалғызбасты аналардың әлеуметтік жағдайы тең емес.

Республикадағы кәмелетке толмаған жалғызбасты аналар проблемасын алға тартқанда ең әуелі жастардың санына тоқталып кетейік. Елдегі 2010 жылы жалпы халық саны 16 203 274 адам болса, олардың ішінде жастардың үлесі 27,6 %-ті құрады, яғни 4 500 772 адам. Ал 2021 жылғы халық санағы бойынша жалпы халық саны 18 879 552 адам болғанда, жастар саны – 3 739 883 адам, ол барлық халық санының 19,8 %-ін құрайды (ҚР СЖЖРА ҰСБ, 2021). Еліміздегі жастар қауымын әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты үш кіші топқа бөліп қарастырады («Қазақстан жастары-2020» Ұлттық баяндамасы). Бірінші топқа мектепте немесе колледждерде оқитын кәмелетке толмаған 14-18 жас аралығындағы балаларды жатқызады, олар елдегі жастардың жалпы санының 32,5%-ін құрайды. Ал екінші топты жоғары оқу орнында оқып жүрген немесе еңбек жолын енді бастаған 19–23 жас аралығындағы жастар құраса (29,8%), үшінші топқа 24–28 жастағы жоғары білімнен кейінгі білім алып жүрген немесе жұмыс істеп жүрген жастар кіреді, олардың саны бәрінен көп, сәйкесінше – 37,9%. Жастар арасында жыныстық өмірді бастағандардың орта жасы 16,5 жасты құрайтынын ескерсек, бұның салдары жасөспірім жас аналар санының артуына алып келетіні анық. 15-19 жастағы жастардың

29,4%-і жыныстық қатынасты бастағандар, олардың 44%-тен астамының бірнеше жыныстық серіктесі (4 адамнан 40 адамға дейін) болуы тіпті алаңдатады. Ғалымдар жасөспірімдерде өтпелі жас кезеңінде гормондардың белсенділігі артып, жүйке жүйесінің тұрақсыздығы салдарынан импульсивті іс-әрекеттерге баруы жиілейтіндігі туралы жазып жүр. Олар тезірек ересек болуға ұмтылып, қоғамда қалыптасқан мінез-құлық нормаларына қарсы шығып, жыныстық қарым-қатынасқа барады, оның арты ерте жүктілікке алып келуі мүмкін (Реймер, 2015).

15-19 жастағылардың ішінде қорғану құралдары, сақтану әдістері туралы білетіндер саны өте аз, бар болғаны – 34,4%. Бұл дегеніміз, жасөспірімдердің үштен бірінің ерте жүкті болып қалу, некесіз баланы дүниеге әкелу, жасанды түсік жасату, жыныстық жолмен түрлі ауруларды жұқтыру қаупі тым жоғары. Соңғы деректер бойынша Қазақстанда 2020 жылдың өзінде 15-19 жас аралығындағы 6724 қыз жүкті болып, оның 1086-сы жасанды түсік жасатқан. Ал аман-есен босанып, дүниеге некесіз бала әкелгендер саны – 5639. Жасөспірімдердің жүктілігі көптеген елдерде денсаулық сақтаудың маңызды проблемасына айналды. Жыл сайын әлемде 15–19 жас аралығындағы 16 миллионға жуық қыз және 15 жасқа дейінгі екі миллион қыз туады. Жасөспірім кезіндегі балалардың дүниеге келуі қыз бен оның сәбиінің денсаулығына ауыр зардаптар әкелуі мүмкін (Erflina, 2019). Сондықтан ерте жүктіліктің алдын алу және жас аналарға және балаларға тигізетін жағымсыз салдарларды азайту үшін әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету зерттеушілер мен практиктердің жұмысының қажетті бағыттарының бірі болып табылады (Реймер, 2016).

Мамандар 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы жүкті болу, түсік жасату көрсеткіштерінің саны төмендегенін алға тартады («Алаш айнасы» сайты). Бұл әлемдік Ковид-19 індеті кесірінен 2020 жылдың наурыз айынан адамдардың қалыпты өмір сүру дағдысын өзгертуіне де, яғни карантинде отыруына байланысты болуы да мүмкін, бұл өз алдына бөлек зерттеуді қажет ететін мәселе. Кәмелетке толмаған қыздардың ерте жүкті болып қалуы көрсеткіші бойынша Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Атырау, Алматы өңірлері алдыңғы орында екен. 1 кестеден байқағанымыздай, Ал 15-18 жастағы қыздардың жасанды түсік жасатуы бойынша ең көп саны Түркістан, Қарағанды, Алматы,

ШҚО, Жамбыл, Қостанай және Маңғыстау облыстарында тіркелген («Қазақстандық отбасылар-2020» ұлттық баяндамасы).

1-кесте – 2018-2020 жылдар (6 айы) кезеңінде 15-18 жас аралығындағы жасөспірім қыздардың түсік жасатуы туралы мәлімет. Деректер ҚР СЖРА ҰСБ-дан алынды

№	Облыс	2018	2019	2020 ж. 6 айы
1	Ақмола	69	65	29
2	Ақтөбе	38	38	16
3	Алматы	132	117	60
4	Атырау	39	28	14
5	Жамбыл	82	82	45
6	БҚО	38	43	15
7	Қарағанды	148	122	50
8	Қостанай	103	75	38
9	Қызылорда	26	26	42
10	Маңғыстау	62	75	32
11	Павлодар	52	49	26
12	СҚО	59	55	29
13	Түркістан	142	146	92
14	ШҚО	96	78	39
15	Нұр-Сұлтан қ.	51	49	24
16	Алматы қ.	77	68	21
17	Шымкент қ.	24	31	8

Ғалымдар ерте жүктілікті көпаспектілі және көпфакторлы феномен деп атап, оны бағалауды, оған деген қалыптасқан көзқарасты, стереотипті қайта қараудың қажеттілігін айтып келеді (Орлова, 2020). Бұл мәселе туралы көзқараста тарихи және мәдени контекстерді, яғни ерте жүктілікті зерттеуде әрбір елдің тарихи даму дәуірлері, мәдениеті, жасөспірімнің әлеуметтік шығу тегі, жынысы, қала және ауылдық жерлерде тұруы да ескерілуі тиіс. Осылайша ерте жүктілік проблемасын терең зерттеп, бірқатар әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, психологиялық және тағы басқа факторларды зерделеу керек (Gómez, 2019). Шынында да ерте жүкті болу мәселесіне этникалық факторлардың қарым-қатынасын анықтау да аса маңызды. Әр елдегі ерте ана болу фактісіне көзқарастың түрлілігі тарихи дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, сол ел халқының басым көпшілігі ұстанатын діннің нормаларымен айқындалады.

Жоғарыда келтірілген деректердің барлығы ерте жүктілік пен ерте ана атанудың алдын алу бойынша іс-шаралардың тиімділігін арттырудың аса қажеттілігін дәлелдеп отыр. Тағы бір өзекті мәселе, жалғызбасты аналар қатарын кәмелетке толмай некеге отырып (көбіне қыз баланың жүкті болып қалу себебінен), кейін отбасын құруға, оны сақтап қалуға деген дайындығы болмағандығынан ажырасып кеткендер де толтыруда. ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2019 жылы 1054 адам кәмелет жасына толмай некеге отырған, оның 984-і жасөспірім қыздар.

Жасөспірім қыздардың бала тууы көптеген қиындықтармен қатар жүреді, бұл физиологиялық, медициналық, психологиялық кедергілермен бірге қоғамдық-әлеуметтік, материалдық жағдайларға және сол баланы дүниеге әкелген жас ананың жеке мінез-құлқына да байланысты. Жалғызбасты қыздар үшін ерте ана болу мәртебесі көп жағдайда қуаныш әкелмейтіні анық нәрсе. Жасөспірім жалғызбасты аналар білімдерін жалғастыруда, жұмысқа тұруда, кәсіп игеруде қиналады, өздерінің және балаларының денсаулығын оңалтуда, отбасылық қарым-қатынастарды меңгеруде, тұрғылықты жер мен табыс көзін табуда әлеуметтік көмекке мұқтаж (Bradley, 2002; Letourneau, 2004; World Health Organization, 2020).

Сонымен бірге бұндай жасөспірімнің нәрестені бағып-қағуда ешқандай тәжірибесі жоқ екендігін ұмытпағанымыз жөн. Қоршаған ортадан қолдау көрмеген кейбір жас аналар баладан бас тартады немесе жаңа туған баласын перзентханаға, қоқыс жәшігіне, подъезге т.б. тастап кетуіне дейін барады.

Жас жалғызбасты аналарға біздің елде қандай көмек көрсетіледі, оларды әлеуметтік тұрғыда қалай қолдайды?

Жас ана мәселесі қоғамда девианттық мінез-құлық ретінде, төтенше жағдай секілді жағымсыз қабылданады. Айы-күні жақындап перзентханаға түскен кезде жас ана әлеуметтік жағынан да, заңды жағынан да қорғалмаған күйде болады. Мемлекеттік деңгейде осы әлеуметтік топқа көмек көрсету мәселелерін заңнамалық реттеу жоқ. Жас ананы әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісі заңмен айқындалмағандықтан, мәселелер сұрақ күйінде қалып келеді.

Жас аналарды әлеуметтік бейімдеу, ең алдымен, олардың толыққанды білім алуын көздеуі тиіс, себебі білім адамның қоғамға интеграциялануына бірден-бір себепші болады, басқаша айтқанда білім арқылы адамның әлеу-

меттік ілгерілеуі жүзеге асады. Білім алу, мамандық, кәсіп игеру ертеңгі күнге сеніммен қарауға, психологиялық стресті жеңуге, қарым-қатынасты жақсартуға, алға жоспарлар қоюға, әлеуметтік оқшаулану процесінен шығуға көмектеседі.

Отбасы саясатын жүзеге асырудың бірден бір тетігі әлеуметтік қолдау көрсету болып табылады, ол дегеніміз – өмірлік қиын материалдық жағдайға немесе психологиялық жағдайға ұшыраған азаматтарға қаржылық көмек, ақпараттар және әлеуметтік жеңілдіктер, атап айтқанда білім алуға, медициналық көмек алуға, қоғамдық көлікпен жүргізуге, тамақтануға, тұрмыс жағдайын жақсартуға және т.б. жеңілдіктер ұсыну (Васильчиков, 2009). Жалғызбасты аналардың жағдайы тек материалдық қолдаумен шектелмейді. Олар бастарына түскен тауқыметтің кесірінен психологиялық жағынан өте әлсіз келеді, сондықтан өзіне-өзі қол жұмсауы

мүмкін және психоактивті заттарды қолдануға көбірек әуес болады (Hodgkinson, 2014). Өмірге құштарлықпен араласып келе жатқан шақта өз ортасынан айырылып, жүкті немесе балалы болып қалған қыз бала моральдық-психологиялық ауытқуларға, депрессияға ұшырауы жиі кездесіп отырады.

Эмпирикалық зерттеудің мақсаты ретінде біз «жалғызбасты ана» феноменологиясын және жалғызбасты аналардың өз өмірін сәтті құруына ықпал ететін ресурстар туралы ойларын зерттедік. Ол анкетаға Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтарын уақытша паналап жатқан аналар өз еркімен қатыстырылды. Жас босанғаннан кейінгі болатын депрессия және тағы басқа себептермен 5 ана зерттеуден бас тартты. Барлық қатысқан ана саны 31, олардың дағдарыс орталықтары бойынша бөлінісі 2 кестеде көрсетілді.

2-кесте – Сауалнамаға қатысқан аналар саны туралы мәлімет

	№1 «Ана үйі»	№2 «Ана үйі»	№3 «Ана үйі»	«Teen Challenge Казахстан» дағдарыс үйі	Барлығы
Қатысқан ана саны	6	7	6	12	31

Зерттеуге 31 жас ана қатысты. Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігінің (21 қыз) орта білімі бар, 3 қыз 9 сыныпты ғана аяқтаған, 7 қыз әр түрлі оқу орнында: колледж, жоғары оқу орнында оқып, бірақ қазіргі жағдайына байланысты тастап кеткен. Қыздардың барлығында дерлік, яғни 94%-інде жүктілік туралы хабарды ата-аналары, туыстары, баланың болжамды әкелері жағымсыз қабылдаған болып шықты. Осылайша баланың дүниеге келуі дағдарыстық жағдай, девиантты құбылыс саналған. Өкініштісі, 83% қыздар үшін жүктілік күтпеген жағдай болып табылады. Олардың көбісі жыныстық сауатсыздық, қорғану құралдары туралы білімдерінің саяздығы, жігітіне сеніп қалу, одан айрылып қалмау және отбасын құрғысы келіп, осы әрекетке барғанымен түсіндіреді. Тағы бір айта кететін жайт, оқып жүрген қыздардың ішінен тек 1 қыз ғана академдік демалысқа шыққан, қалғандары жүктілігін жасырып, оқуды тастап кеткен болып шықты. Жас қыздардың бойында өздерінің өмірлік және кәсіби бағдарлана алмауы, үлкендерге тәуелділік, серігін таңдауда қателесу сияқты ортақ проблемалармен бірге

материалдық мәселе басты орында тұр. Олардың көбісі қаржылық мәселелерге баса назар аударып, өздерінің тым жас болуы себепті психологиялық, моральдық жағдайларға мән бермейтіні байқалды.

3-кесте – Жалғызбасты аналар үшін проблемалардың басымдығын айқындау

Проблемалардың түрі	Жауап берген аналар, %
Материалдық	100
Тұрғын үй	100
Құқықтық	63
Психологиялық	40
Медициналық	68
Әлеуметтік	45

Сауалнамадағы «өміріңіз дұрыс болуы үшін не маңызды деп ойлайсыз?» деген сұраққа басым көпшілігі «материалдық жағдай», «білім», «тұрақты табыс» пен «тұратын жердің болуы» деп жауап берді (4 кесте).

4-кесте – Жалғызбасты аналар үшін құндылықтардың басымдығын айқындау

Құндылықтар	Жас жалғызбасты аналар
Материалдық жағдай	93%
Білімнің болуы	80%
Тұрақты табыс көзінің болуы	72%
Толыққанды отбасының болуы	53%
Тұратын жердің болуы	91%
Жұмыс орнының болуы, мансапқа қол жеткізу	60%
Ешкімге алаңдамай, тарықпай өмір сүру	73%
Екі немесе одан да көп баласы бар отбасының болуы	18%
Қоршаған ортамен үйлесімді болуы	27%
Достармен жағымды қарым-қатынастың болуы	43%
Жауап беруге қиналамын	8%

Жалғызбасты аналардың алғысы келетін нақты көмек түрлері туралы жауаптары былай бөлінді: «Ана үйінен» немесе дағдарыс орталығынан кеткеннен кейін тұратын жерге мұқтаж – 91%; балаларын апаратын балабақшаға немесе бала бағатын күтушіге мұқтаж, бұны жұмыс істеп, табыс тапқысы келетінімен түсіндіреді – 73%; тезірек жұмысқа орналасқысы келетіндер – 68%; құқықтық көмекке мұқтаж – 44%.

Сауалнамаға қатысқандардың ішінде «Отбасылық өмірде Сіз кімнің көмегіне сүйенесіз?» деген сұраққа «өзіме ғана сенемін» деп жауап бергендер үлесі – 93%, «ата-анама сенемін» – 3%, «жұмыстағылардың қолдауына сенемін», «достарым көмектеседі» деген жауапты таңдағандар 4%-ды құрады, ал «мемлекетке сенетіндер» мүлде жоқ.

Зерттеу нәтижелері бойынша бірқатар қорытынды жасауға болады:

- көптеген жас аналар үшін жүктілік күтпеген жағдай деп саналады, бұл жағдайды қоршаған ортаның жағымсыз қарым-қатынасы күрделендіре түседі;

- респонденттердің басым көпшілігі проблеманы шешу барысында өздеріне ғана сенеді, себебі достары, ата-аналары, туыстары, жігіті тарапынан қолдау жоқтың қасы. Олардың тарапынан моральдық қолдау болғанымен, негізгі ауыртпашылық өздеріне ғана түсетінін сезінеді, ал мемлекет тарапынан қолдаудың аздығы себепті оған тіпті сенім артпайды;

- жалғызбасты аналар үшін басым проблемалар – материалдық және тұрғын үй проблемалары;

- оқып жүрген кезде жүкті және жалғызбасты студент аналармен жұмысты қадағалайтын маман жоқтығы байқалды.

Міне, осындай нәтижелер жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік қолдау жұмысын кешенді жүргізудің өзектілігін дәлелдейді.

Біздің мемлекетте жалғызбасты жас аналардың құқықтық статусы айқындалмаған. Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттарында «жалғыз ана» деген ұғым жоқ, бірақ «толық емес отбасы» деген термин бар. Толық емес отбасы санатына күйеуімен ажырасқан немесе жесір қалған аналар, некесіз бала тапқан аналар да енгізілген. Анасынан болмаса әкесінен айырылған толық емес отбасы мемлекеттен жәрдемақы алып жатса, ол көмекті жалғызбасты аналар ала алмайды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жалғызбасты аналарға әлеуметтік кепілдемелер жалпы негізде қаралып, отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен болған жағдайда, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақы ала алады. Жалғызбасты аналар түсінігінің құқықтық реттелмеуінің өзіндік себептері бар деп ойлаймыз. Оның арғы жағында дәстүрлі отбасылық құндылықтарды дәріптеу, жалғызбасты аналар санының, ажырасу санының көбеюінің алдын алумен байланысты сақтық шаралары жатыр. Басқалай айтқанда некеден тыс бала туылуын, ажырасуды ынталандырмау.

Біздің қоғамда алимент алмайтын, заңды некеге тұрмаған аналарды жалғызбасты ана деп атау қалыптасқан. Олар бала дүниеге келген кезде басқа аналармен бірдей бір жолғы төлем түріндегі көмек ала алады. Сонымен бірге Еңбек кодексінде «бала тәрбиелеп отырған жалғыз ана» ұғымы бар. Кодекске сәйкес, мұндай әйелдер штат қысқарған кезде жұмыс берушінің бастамасы бойынша жұмыстан босатылмайды («kursiv.kz»).

Бірақ жаһандану заманында өмір сүру салты, құндылықтар өзгергенде жалғызбасты аналар проблемасы өткір екенін жоққа шығара алмаймыз. Қоғамда өз орнын нақтыламаған, айнала қоршаған ортаға көзқарасы толыққанды қалыптаспаған жас ананың жалғыз бала бағуы, оны оқытып, жеткізу орасан зор материалдық, моральдық күшті талап ететінін екенін ескерсек, жас ананы қолдаудың өзектілігі арта түседі.

Көршілес Ресейде жалғызбасты аналарға жәрдемақы басқа отбасылармен бірдей негізде төленеді. Яғни Ресейде де «жалғызбасты ана» мәртебесі нақты айшықталмаған, сондықтан оларға берілетін арнайы жәрдемақы жоқ. Балалары бар толық емес отбасылар үшін ата-аналардың кірістерінің мөлшеріне («кедей отбасы» мәртебесін қоспағанда) және сапалы ұрпақ көбейтуді қолдауға байланысты материалдық қолдаудың болмауымен сипатталады; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін мемлекеттік алимент қорын құру мәселесі заңнамалық деңгейде шешілмеген (Жук, 2016).

Ресей Федерациясы Жоғары соты пленумының 2014 жылғы 28 қаңтардағы №1 Қаулысында «жалғызбасты ана» түсінігі берілген («consultant.ru» сайты). Қаулы бойынша баланы тәрбиелеу мен асырау бойынша барлық міндетті мойнына жалғыз өзі алған адам жалғызбасты ана болып саналады. Жалғыз болып саналуы үшін баланың әкесі қайтыс болды, ата-ана құқығынан айырылды, хабар-ошарсыз кетті немесе қабілетсіз, түрмеде отыр болмаса бала тәрбиесіне мүлде араласпаған деп танылуы тиіс. Яғни құжат бойынша ол тірі болуы да мүмкін. Түрлі ресми құжаттарда «бір ғана ата-ана», «жалғыз ата-ана», «жалғызбасты ана», «толық емес отбасы» деген ұғымдар қолданылады және бұл ұғымдардың қолдану аясына байланысты мағынасы да өзгеріп отырады.

Айталық, РФ Еңбек кодексі бойынша жалғызбасты аналарға біраз жеңілдіктер берілген. Бірақ жалғызбасты анаға ажырасқан немесе жесір қалған аналар жата ма, ол жағы ашып көрсетілмеген. Еңбек кодексіне сәйкес жалғызбасты ананың түнгі ауысымдардан, іссапарлардан және қосымша жұмыстардан бас тарту құқығы бар. Еңбек келісімшартында жазылса, өз есебінен қосымша 14 күн демалысқа шығуға мүмкіндігі бар. Сонымен бірге баласы 14 жастан аспаған жағдайда толық емес жұмыс аптасына немесе қысқартылған жұмыс күніне өтініш бере алады. Жалғызбасты ана еңбек тәртібін бұзбаса, жұмыс берушінің бастамасы бойынша бір жақты жұмыстан босатылмайды. Бірақ осы жеңілдіктердің барлығына ие болу үшін жалғызбасты ананың мәртебесін растайтын құжаты, яғни баланың әкесінің аты толтырылмаған туу туралы куәлік немесе күйеуінің қайтыс болғаны туралы куәлік ұсынуы тиіс («Newslab» интернет газеті, 2020). Сонымен бірге некесіз әйел бала асырап алса немесе ажырасқаннан кейін 300 күннен кейін некесіз

баланы дүниеге әкелсе де жалғызбасты ана санатында болады. Ресейдегі ерекшелік, ана капиталы беріледі, оның мөлшері күні бүгін 483 880 рубльді құрайды.

Бұл әрине, жәрдемақы төлеу жағы, ал тұрғылықты жері жоқ аналарды уақытша баспанамен қолдау мәселесіне келетін болсақ, Ресейдің түрлі өңірлерінде кәметке толмаған аналарға арналған мамандандырылған мемлекеттік орталықтар жұмыс жасайды. Мұндай орталықтар Мәскеуде, Камчатка өлкесінде, Новосибирскіде, Барнауылда және Ресейдің басқа аймақтарында бар.

Осы орталықтарда қызмет жүргізілетін барлық жобаларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- жас аналарға көмек көрсету бойынша қысқа мерзімді жобалар;
- кәметке толмаған қыздарға жыныстық сауаттылықты арттыру бағдарламалары жүзеге асырылатын облыстық отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталықтары;
- жас аналармен тікелей стационарлық тұрғыда жұмыс істейтін орталықтар.

Барлық орталықтарда қаржыландырудың негізгі көзі – мемлекет болып табылады. Орталықтар кәсіпкерлерді демеуші ретінде тарта алады. Демеушілердің көмегімен жас аналар өмірге қажетті барлық заттармен (азық-түлік, киім, балаларға арналған ойыншықтар, балалар) қамтамасыз етіледі. Бұл орталықтар жұмысының негізгі бағыттары:

1. Жас аналарға материалдық және әлеуметтік көмек көрсету;
2. Ана болумен бірге туындайтын жаңа жағдайларға бейімдеу, олардың бойында ана болудың жауапкершілігін қалыптастыру;
3. Әлеуметтік патронаж;
4. Жүктілік және босану мәселелері бойынша кеңес беру, түсіктен кейін оңалту шараларын жүргізу;
5. Жыныстық тәрбие бағдарламалары бойынша жұмыстар жүргізу.

Орталықтарда жас аналарға материалдық, құқықты, психологиялық мәселелерді шешуге, жұмысқа орналасуына ықпал етеді (Сироткина, 2010).

Францияда әкесіз бала өсіріп отырған әйелдер үшін арнайы жәрдемақы қарастырылған. Бұл жерде оның баланың әкесінен алимент алатыны не алмайтыны ескерілмейді. Егер әйел жұмыс жасамаса, жүктіліктің соңғы айларында 400–800 евро, ал бала дүниеге келген соң үш жасқа дейін дейін 600 – 800 евро аралығында

көмек алады. Жүктіліктің жетінші айында бір жолғы 890 евро көлемінде көмек беріледі. Егер баланың әкесі болмаса немесе ол алимент төлемесе, айына 87 евро қосымша жәрдемақы тағайындалады. Бала мектепке барғанда бір жолғы көмек көрсетіледі, ол 280 евроны құрайды. Жалғызбасты аналарға бірінші кезекте сәбилерді асырау шығындарын өтеу үшін мемлекеттік субсидиялар беріледі. Оның табысы мен баланың жасына байланысты, ол баласын күтуге 300-400 евро көлемінде көмек күте алады. Сондай-ақ, жалғызбасты әйелдердің арзан әлеуметтік баспана алу кезінде қарапайым отбасылардан артықшылығы бар екенін атап өткен жөн. Сонымен бірге оларға салық салуда жеңілдіктер қарастырылған. Осындай әлеуметтік қолдау түрлері болғанымен, жалғызбасты аналарға арнайы жәрдемақы тағайындалмаған. Бұл жас аналардың жұмыс істеуге деген құлшынысын жоғалтып алмау мақсатымен көп байланысты. Жалғызбасты аналарға түрлі жеңілдіктер, тамаққа талондар, әртүрлі қызметтерге төлем карточкасын беру жүйесі бар. Көмек көбіне грант түрінде ұсынылады (мысалы, TANF – кірісі өте төмен отбасына арналған қысқамерзімді қаржылық көмек). Одан өзге бір балаға күніне сегіз доллар көлемінде берілетін балалар гранты бар. Гранттың тағы бір түрі «отбасылық» деп аталады, ол тамаққа, киімге, күнделікті қолданыс заттарын алуға берілетін аз ғана көлемдегі ақша (liter.kz).

1939 жылдан бастап Францияда Аналар үйі жұмыс істейді. Олардың мақсаты – жалғызбасты жас аналар мен жүкті әйелдерді қолдау, оларға түсік жасату немесе баланы дүниеге әкелу жөнінде дұрыс таңдау жасауына ықпал ету. Баланы тууға шешім қабылдаған аналарды бала бағуға үйрету, мейлінше материалдық көмек көрсету, себебі аналардың көбісінің басындағы басты проблема – тұратын жердің жоқтығы және баланы сақтап қалу мәселесі; оларға социореадаптация барысында психологиялық және педагогикалық көмек көрсету (ана болу, ерлі-зайыптылық, жыныстық қарым-қатынас және т.б. туралы ақпарат алуға мүмкіндік беру, баланың болашақтағы тағдырына қатысты жоспарын айқындау, әлеуметтік және кәсіби бейімдеу жоспарын қалыптастыру және жүзеге асыру және т.б.). Франциядағы Аналар үйі мемлекеттік немесе коммерциялық мекеме базасында орналасуы мүмкін. Қаржыландыру көзі: осы бағытқа бөлінген бюджеттік қаржы, қайырымдылық қорлары (Ланцбург, 2010).

Германияда жүкті қыздармен және жас аналармен жұмыс істейтін арнайы орталықтар бар, онда жас ананың өз көзқарасы, тілектері, мақсаттары және болашақ ана ретіндегі шешімі есепке алынып, қыздарға құқықтық мәселелер, қаржылық көмектерді алу жөнінде кеңестер беріледі. Орталықтарда «тәжірибесі бар» аналар басқаратын арнайы топтар құрылған, олар жас аналарға көмектесіп, семинарлар жүргізеді (Крысько, 2013).

Жапонияда жалғыз аналарға өмір сүру өте қиын, себебі жапон қоғамында некесіз баланы дүниеге әкелу – сан ғасырлық тарихы бар отбасылық дәстүрге жат. Әйел баланы некеден тыс туса немесе әкесінің кім екенін білмесе, оған өте жағымсыз қарайды. Ажырасу жағдайында алимент міндетті түрде тағайындалады. Сондықтан Жапонияда жалғызбасты аналарға мемлекет тарапынан қолдау жоқ. Әйел тек өз табысына сенеді, әрине бұл оңай болмайды, өйткені жұмыс берушілердің көпшілігі жалғызбасты аналарды жұмысқа алғысы келмейді. Жаңа туған нәрестені күту бойынша декреттік демалыс бір жылға созылады. Осы кезеңде төленген жәрдемақы әдеттегі табыстың тек 30%-ын құрайды.

Данияда аналарға өте аз материалдық қолдау көрсетіледі. Ақша ай сайын емес, тоқсанына бір рет беріледі. Жәрдемақылардың мөлшері немесе оларды «бала чегі» деп те атайды, баланың жасына байланысты. Екі жасқа дейін балалардың аналары тоқсанына 4 596 даниялық крон мөлшерінде төлем алады. Үш жастан алты жасқа дейін-тоқсанына 3 639 крон, жетіден он төрт жасқа дейін бір балаға тоқсанына 2 862 крон, 15 жастан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдерге 954 даниялық крон төленеді. Бұдан басқа, 14 жасқа дейінгі балалардың жалғыз басты ата-аналары әр балаға ай сайын 650 крон мөлшерінде қосымша жәрдемақы алады. Сондай-ақ, бұл елде жалғызбасты ата-аналар өтініш бере алатын «отбасылық жәрдемақы» деп аталатын жоба бар. Қосымша жәрдемақы сомасы 1 498 даниялық кронды құрайды. Данияда материалдық қолдау мөлшері ата-ананың табысына байланысты, жалақы неғұрлым көп болса, мемлекет тарапынан қолдау аз және керісінше, егер ата-ана қаржылық қиын жағдайда болса, мемлекет оған барлық жағынан көмек көрсетеді.

Қытайда жалғызбасты аналар түсінігі заңмен қарастырылмаған. «Халықтың қоныстануы және тууды жоспарлау туралы» 2002 жылғы Заңға сәйкес қытай әйелдері екі жағдайда ғана дүниеге бала әкелуге құқы бар: заңда некеде тұруы

және тууды жоспарлау жөніндегі жергілікті органнан балалы болуға рұқсат алуы қажет. «Ал жалғызбасты аналар заң бұзушылар болып есептеледі және олардың балалары ресми еш жерде тіркелмейді. Рұқсатсыз бала туған әйелдер демографиялық саясатты бұзғаны үшін жергілікті бюджетке әлеуметтік өтемақы төлеуге міндетті» (Почагина, 2015). Сондықтан елде жалғызбасты аналар жеке әлеуметтік топ ретінде танылмайды. Тек соңғы жылдары аздап жеңілдіктер пайда болды, мысалы, баланың әкесі болмаса құжатында оның атын жазбауға болады. Тұрмысқа шықпай бала тәрбиелеп отырған әйелдер аз қамтылған отбасылар санатына еніп, кейбір мемлекеттік төлемдерге ие бола алады. Егер жылдық жиынтық табыс 10 мың юаньға жетпесе, мемлекет ай сайын 70 тен 450 юаньға дейін жәрдемақы төлейді. Бұл сома тұрғылықты жеріне байланысты. Сондай-ақ, ай сайын отбасына азық-түлік және қажетті тауарлар жиынтығы түрінде әлеуметтік көмек көрсетеді.

Польшада жалғызбасты аналарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Бірақ ол жеткіліксіз деңгейде. Бала дүнеге келгеннен жалғызбасты аналарға PLN 2000 (шамамен 500 евро) беріледі. Болашақта ол өзінің әлеуметтік мәртебесіне сәйкес айына бір балаға тағы 170 PLN (шамамен 40 евро) алады, бірақ барлық балаларға PLN 340-тан аспайды. Бірақ бұл төлемдер оған әкесі алимент төлемеген жағдайда ғана есептеледі. Сонымен қатар, жалғызбасты аналар барлық балаларға берілетін жәрдемақы баланың жасына байланысты 12-ден 17 евроға дейін алады. Бала неғұрлым үлкен болса, жәрдемақы соғұрлым жоғары болады. Бала ана мектебіне түскен кезде 25 еуродан бір реттік жәрдемақы төленеді. Егер жалғызбасты ана жұмыс істемесе, бірақ балалармен айналысса, оған жұмыссыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақының жартысы ғана беріледі – шамамен 70 евро, ол тек коммуналдық төлемдерге ғана жетеді.

Аналарды қолдаудағы әлеуметтік саясаттың либералды моделі Ұлыбританияға, Ирландияға, Швейцарияға, Жаңа Зеландияға, Канадаға, Аустралияға және АҚШ-қа тән. Аталған елдерде отбасыларды әлеуметтік қамсыздандыруда мемлекеттің үлесі аз, әлеуметтік көмек дамыған сақтандыру жүйелері есебінен жүзеге асырылады. Көмек атаулы түрде беріледі және жан-жақты тексеру қорытындысы нәтижесінде мұқтаждығы дәлелденсе ғана көрсетіледі.

Ұлыбританияда жалғызбасты ата-аналарға материалдық көмек бала 16 жасқа толғанға дейін көрсетіледі. Олар балаларға арналған жәрдемақы,

денсаулық сақтаудың тегін қызметтері, тұрғын үй алуға басым құқықтарына ие. Аустралияда жалғызбасты ата-аналар, оның ішінде әкелер де мемлекеттік көмек алады, бұл ретте жәрдемақының мөлшері олардың жалақысына байланысты болады. Ерекше санаттағы зейнетақыларды көмелеттік жасқа толмаған балалары бар жесірлер және 50 жасқа толған адамдар алады (Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат Тұжырымдамасы).

Ғалым Т.Каменева шетелдегі жалғызбасты аналарға әлеуметтік көмек саясатында төрт негізгі стратегия басымдыққа ие екенін атап көрсетеді. Оның біріншісі «аз қамтылған аналарға көмек» деп аталады, ол әсіресе Ұлыбританияда кеңінен таралған. Жалғызбасты аналар «табысты қолдау» бағдарламасы аясында баласы 16 жасқа толғанша мемлекеттен қажетті көмек ала отырып, үйде отыруға мүмкіндігі бар (Каменева, 2003). АҚШ-та жалғызбасты аналарға көмек толық емес отбасыларына арналған «Балалы отбасына көмек» федералды бағдарламасы аясында көрсетіледі. Қарауында 6 жасқа дейін баласы бар аналар өздерінің белгілі бір кәсіп игеру мақсатында оқып жүргенін немесе «жұмыс іздеуші» ретінде тіркелгенін растай алса ғана, жәрдемақы ала алады. Бұл жалғызбасты аналардың тек мемлекет көмегіне жүгініп, жұмыс істемей отыруының, яғни масыл болуының алдын-алу мақсатын көздейді. Америкада жалғызбасты аналарға көрсетілген көмек жекелеген штаттардың өзінің заңнамалық құжаттарына сәйкес іске асырылады. Кейбір штаттарда жалғызбасты аналарға пәтер ақысына, азық-түлікке, балалар бақшасы мен мектептің төлемақысына, коммуналды қызметтер ақысына немесе жеңілдікпен медициналық қызмет алуға арналған көмек түрлері бар. Ал Норвегияда жалғызбасты аналарға берілетін әлеуметтік көмекпен анықталатын екінші стратегия басым, яғни, аналарға арнайы материалдық көмек көрсетіліп, ана баласы 10 жасқа толғанша үйде отыра алады. Бұл көмек «өтпелі кезең жәрдемақысы» делінеді. Бұл елде жалғызбасты аналар толық емес отбасыларға арналған «жалпыға ортақ жәрдемақысын», егер әкесі алимент төлемесе, балаға арналған арнайы жәрдемақы, тұрғын үй жәрдемақысын, тегін медициналық көмек те алады. Ал Францияда үшінші стратегия үстем, баласы бар барлық отбасыларға, оның ішінде толық емес отбасыларға арналған қолдау шаралары

бар. Толық емес отбасыға қосымша мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Бұндай отбасыларға негізгі көмекті толық отбасы ретінде емес, жалпы отбасын белсенді әлеуметтік қолдау стратегиясы ауқымында алады. Елде барлық отбасы «отбасылық жәрдемақы» алады, ол жалпы және табысқа байланысты деп бөлінеді. Оның ішінде негізгі жәрдемақы, тұрғын үйге арналған қосымша жәрдемақы, бір жасқа дейін баласы бар аналарға арналған арнайы жәрдемақы, бала күту демалысына шыққан аналарға төленетін жәрдемақы бар. Жалғызбасты аналарға көмектің тағы бір түрі – жалғызбасты аналардың ата-аналық міндетін дұрыс атқаруына мен кәсіп игеруіне ықпал ететін қызмет түрі бар. Швеция – осы төртінші стратегияны қолдайтын елдердің бірі. Жас аналарға арналған жұмыс орындарын құру, білім алуын қамтамасыз ету, қайта оқыту мәселелеріне назар аударады (Каменова, 2003).

Талқылау

Жоғарыдағыбізмысалкелтіргенхалықаралық тәжірибелер жас шағында босанудың ана үшін де, бала үшін де, қоғам үшін де зардаптарының көптігімен түсіндіріледі. Жас ана болудың физиологиялық, моральдық, қаржылық, әлеуметтік қиындықтарын айтпағанда, осындай жағдайда дүниеге келген балалардың тағдыры көп жағдайда әлеуметтік жетімдікке ұласып жатады. Сондықтан біздің елде және шетелдерде жүргізілетін осы бағыттағы жұмыстар жас жалғызбасты аналарды қамқорлыққа алып, жан-жақты көмекпен қамтамасыз етумен шектемей, осы мәселенің алдын алу шараларымен ұштасуда.

Біздің мемлекетте жас жалғызбасты аналарды қолдау бағытындағы іс-шаралар жүзеге асырылуда. Дегенмен тұрақты тұратын орны жоқ, әке-шешесі, туыстарынан қолдау таппаған аналарға ұсынылатын уақытша орталықтар бар болғанымен, саны жағынан жеткіліксіз. Болғанымен олардың көбісі ірі қалаларда орналасқан. Ауылдық жерлерде өмірлік қиын жағдайға тап болған жас аналар баратын жер таппай қиындыққа ұшырап, түрлі күйзелістерді бастан кешеді. Мемлекеттік деңгейде қаржыландырылатын орталықтардың болмауы, жас аналарға арнайы көмек көрсететін әлеуметтік мамандардың жеткіліксіздігі, түрлі қоғамдық ұйымдар мен орталықтардың ерте жүктіліктің алдын алу бойынша өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуі жолға қойылмағандықтан осы

бағыттағы жұмыстар нәтижелі болмауда. Сонымен қатар жас аналарға көмек қолын созу тек қаржылық және тұрғын үй мәселесімен шектелмейді, жас ананың ішкі жан дүниесіне қатысты проблемалар (мысалы, бала туғаннан кейінгі депрессия) кешенді тұрғыдан қарауды талап етеді.

Шет елдердің тәжірибесін зерделеу әлемде жалғызбасты аналарға көмек көрсетуде әртүрлі әлеуметтік жүйенің бар екенін дәлелдейді. Әрбір ел өзінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлерін, экономикалық жағдайларын ескере отырып, әлеуметтік қолдау жүйесін қолданады. Бір ортақ нәрсе – барлық елдерде жас аналарды қайта әлеуметтік бейімдеу шараларының маңыздылығына мән береді. Себебі уақытша баспана да, берілетін жәрдемақы да, көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері де жас ананың өмірлік қиындықтарын еңсере алмайтыны сөзсіз. Жас аналардың кәсіп меңгеруі, жұмысқа орналасуы, қоғамға белсене араласуын қамтамасыз ететін шаралар олардың, балаларының кейінгі өмірінің дұрыс болуына ықпал етеді. Әрине, қай проблеманы қарастырсақта, оның зардаптарын жойғаннан көрі алдын алудың қажеттілігін мемлекеттік тұрғыдан ескеріп, белсенді сауықтыру жұмыстарын жүргізген нәтижелі болмақ.

Осы мәселені зерттеп жүрген ғалымдар профилактикалық жұмыстардың нысандарын былай ажыратады: орта мектептерде репродуктивті денсаулық саласында жыныстық тәрбие мен сауаттандыру жөніндегі жұмыстарды қамтитын тақырыптық іс-шаралар өткізу; түсік жасатуға деген теріс көзқарасты қалыптастыру; ана мен әке болудың құндылығын дәріптеу, толыққанды отбасы құру жөнінде педагогтар мен жасөспірімдер, олардың ата-аналарының қатысуымен ерте жүктілік мәселесін талқылауын ұйымдастыру, кәмелетке толмаған жас аналарды психоәлеуметтік бейімдеу мақсатында оларға әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету (Ростовская, 2017).

Қорытынды

Жас қыздардың жүктілігі мен жас аналарға әлеуметтік қолдаудағы халықаралық тәжірибені талдау нәтижелері шет елдерде жас жалғызбасты аналар түсінігі болғанымен, оларға құқықтық мәртебе берілмегенін байқатты. Бұл қай қоғамда да толық отбасы беделінің жоғары екендігіне дәлел. Әрине, зайырлы қоғам жалғызбасты

аналарға көмек қолын созуды қажет деп санайды, оларды тым ерекше қолдау некесіз бала әкелудің, ерте жүктіліктің, ажырасу санының артуына алып келетіні анық. Сондықтан әлемде бұл проблеманың алдын алу шараларына көп мән беруде. Жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік қолдауда мына жайларға басымдық берілуі тиіс:

- психологиялық көмек көрсету қызметінің санын арттыру (босанғаннан кейінгі депрессияның салдарын жөну, баланы тастап кетуге, өзіне-өзі қол жұмсауға, зиянды әдеттерге құмар аналармен психологиялық жұмыс);

- балалы әйелдерге арналған инфрақұрылымдар санын көбейту (балалар арбаларымен қоғамдық көлікке кіру мүмкіндігі, қоғамдық орындардағы құндақтау үстелдері, заманауи жабдықталған ана мен бала бөлмелері);

- ақпараттық қызметтер көрсету;
- жас аналардың мамандық игергеннен кейін жұмысқа орналасуына көмектесетін ресурстық орталықтар қызметі;

- мектептерде жыныстық сауаттылықты арттыру шараларын кешенді жүргізу;

- ерте жүктіліктің алдын алу туралы медициналық қызметтердің қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- аналар мектебі, әкелер мектебі дәстүрлерін дәріптеу жұмыстары арқылы отбасы құндылықтарын насихаттау.

Тағы бір мәселе, елдегі жасөспірім жалғызбасты аналар мен жасы келген жалғызбасты аналар санын анықтау да күн тәртібінде тұр. Бұл олардың проблемаларын тиімді шешуге, әлеуметтік қайта оңалту жұмыстарын дұрыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Adolescent mothers' experiences of the transition to motherhood: An integrative review / E. Erfina, W. Widyawati, L. McKenna, S. Reisenhofer, D. Ismail // *International Journal of Nursing Sciences*. – 2019. – V. 6 (2). – P. 221-228. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC6608651/>

Adolescent pregnancy. World Health Organization. – 2020. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/adolescent-pregnancy>

Ana Maria Molina Gomez, Roine Alberto Pena Olivera, Claudia Esther Diaz Amores, Maride Anton Soto. Condicionantes y consecuencias sociales del embarazo en la adolescencia. Conditioning factors and social consequences of teenage pregnancy // *Revista Cubana de Obstetricia Ginecologia*. – 2019. – Vol. 45. – № 2 [Электронный ресурс]. URL: <http://revginecobstetricia.sld.cu/index.php/gin/article/view/218>

Bradley T., Cupples M.E., Irvine H. A case control study of a deprivation triangle: teenage motherhood, poor educational achievement and unemployment // *International Journal of Adolescent Medicine and Health*. – 2002. – № 14(2). – P. 117-123. [Электронный ресурс]. URL: <https://doi.org/10.1515/>

Васильчиков В.М. Правовое обеспечение социальной работы. Учеб. пособие. – М.: Издат. центр «Академия», 2009. – 336 с.

Жасөспірім қыздар арасында ерте жүктілік, жасанды түсік. «Алаш айнасы» сайты. [Электрондық ресурс]. URL: <https://alashainasy.kz/society/jasosprm-kyizdar-arasynda-erte-juktilk-jasandyi-tusk-163149/>

Жук Е.И. Состояние и особенности реализации государственной социальной поддержки семей с детьми (опыт Москвы). – М., 2016. – С. 5.

Какую поддержку получают матери-одиночки в разных странах? Сравниваем с Казахстаном. 12 июля 2021 г. [Электронный ресурс]. URL: <https://liter.kz/materi-odinochki-v-stranah/>

Каменова Т.Н. Материнство в неполной семье: личностные и социальные проблемы. – Курск, 2003. – 159 с.

Крысько А.А., Ланцбург М.Е. Подростковая беременность и юное материнство. Причины, проблемы и пути решения (Из опыта работы Института прикладных наук, Гамбург, Германия) // *Современная зарубежная психология*. – 2013. – № 1. – С. 88-97.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – 2021. [Электрондық ресурс]. URL: <https://stat.gov.kz/misc/link>

Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы. – 2016. [Электрондық ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kaz/docs/U1600000384>.

«Қазақстан жастары – 2020» Ұлттық баяндамасы. Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2020». «National report Youth of Kazakhstan – 2020» / Авторлар ұжымы: Удербасева Г.Ж., Сабитов Ж.М., Жусупова А.С., Жолдыбалина А.С., Ермаханова С.А., Шакинов М.А., Абуова Д.Г., Ахантаева С. Ж., Сакошев А.К., Паули Э.С. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. – 2020 ж. – 390 б.

«Қазақстандық отбасылар – 2020» ұлттық баяндамасы / Д.Н. Есин, Ә.С.Кайдарова, Ж.С.Батталова, А.К.Ракишева, А.И.Досмухамбетова, Г.М.Мұхамбетқалиева, А.М.Әшімова, А.Б.Иманқұл, З.Т.Алинова, Б.К.Ермекебаева, Ж.А.Маратов, Д.К.Арапов, Ж.К.Каримова, А.Н.Родионов, А.Ж.Баграмова, О.В. Николаева, А.Б.Турекулов. – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты КеАҚ, 2020. – 392 б.

Ланцбург М.Е. Деятельность материнских центров по профилактике отказов от ребенка (на примере центра «Шарми-ран», Гренобль, Франция) // Психологическая наука и образование. – 2010. – № 5. [Электронный ресурс]. URL: http://psyedu.ru/files/articles/psyedu_ru_2010_5_1961.pdf

Letourneau N.L., Stewart M.J., Barnfather A.K. Adolescent mothers: support needs, resources and support-education interventions // *Journal of Adolescent Health*. – 2004. – № 35 (6). – P. 509-525. [Электронный ресурс]. URL: [https://doi.org/10.1016/S1054-139X\(04\)00069-2](https://doi.org/10.1016/S1054-139X(04)00069-2).

Орлова В.В., Ларионова А.В., Антипова Е.А. Раннее материнство как многоаспектный и многофакторный феномен // Векторы благополучия: экономика и социум. – 2020. – № 1 (36).

Постановление Пленума Верховного Суда РФ от 28.01.2014 № 1 «О применении законодательства, регулирующего труд женщин, лиц с семейными обязанностями и несовершеннолетних». [Электронный ресурс]. URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_158272/

Почагина О.В. Одинокие матери в современном Китае: статус и проблемы // Проблемы Дальнего Востока. – 2015. – № 4. – С. 128-140.

Почему в казахстанском законодательстве нет понятия «одинокая мать»? – 2021 г. [Электронный ресурс]. URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2021-07/pochemu-v-kazakhstanskom-zakonodatelstve-net-ponyatiya-odinokaya-mat>

Реймер Е.А. Проблемы социальной профилактики раннего материнства // Социология медицины. – 2016. – Т. 15. – № 1. – С. 30-33.

Реймер Е.А. Раннее материнство в большом городе // Социология города. – 2015. – № 3. – С. 32–38.

Ростовская Т.К., Шимановская Я.В. Феномен юного материнства: проблемы, тенденции // Локус: люди, общество, культуры, смыслы. – 2017. – № 1. – С. 119-125.

Сироткина Е.С. Анализ деятельности государственных учреждений по социальной поддержке несовершеннолетних мам // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. Серия Социальные науки. – 2010. – № 1 (17). – С. 49-55.

Hodgkinson S., Beers L., Southammakosane C., Lewin A. Addressing the mental health needs of pregnant and parenting adolescents // *Pediatrics*. – 2014. – № 133(1). – P. 114-122. [Электронный ресурс]. URL: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/24298010/>

«Я сама!»: какие льготы и пособия есть для матери-одиночки в России? – 2020. [Электронный ресурс]. URL: <https://newslab.ru/article/994700>

References

Adolescent mothers' experiences of the transition to motherhood: An integrative review (2019) / E. Erfina, W. Widyawati, L. McKenna, S. Reisenhofer, D. Ismail. *International Journal of Nursing Sciences*, v. 6 (2), pp 221-228. [Elektronic resource]. URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC6608651/>

Adolescent pregnancy (2020) World Health Organization. [Elektronic resource]. URL: <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/adolescent-pregnancy>

Ana Maria Molina Gomez, Roine Alberto Pena Olivera, Claudia Esther Diaz Amores, Maride Anton Soto. (2019). Condiciones y consecuencias sociales del embarazo en la adolescencia. Conditioning factors and social consequences of teenage pregnancy. *Revista Cubana de Obstetricia Ginecologia*, vol. 45, no 2. [Elektronic resource]. URL: <http://revginecobstetricia.sld.cu/index.php/gin/article/view/218>

Bradley T., Cupples M.E., Irvine H. (2002) A case control study of a deprivation triangle: teenage motherhood, poor educational achievement and unemployment. *International Journal of Adolescent Medicine and Health*, no 14(2), pp. 117-123. [Elektronic resource]. URL: <https://doi.org/10.1515/>

Hodgkinson S., Beers L., Southammakosane C., Lewin A. (2014) Addressing the mental health needs of pregnant and parenting adolescents. *Pediatrics*, no 133(1), pp. 114-122. [Elektronic resource]. URL: <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/24298010/>

Kakuyu podderzhku poluchayut materi-odinochki v raznyh stranah? Sravnivaem s Kazahstanom (2021) [What kind of support do single mothers receive in different countries? We compare it with Kazakhstan]. [Elektronic resource]. URL: <https://liter.kz/materi-odinochki-v-stranah/> (In Russian)

Kameneva T.N. (2003) Materinstvo v nepolnoi sem'e: lichnostnye i social'nye problemy [Motherhood in a single-parent family: personal and social problems]. *Kursk*, pp. 159. (In Russian)

«Kazakstan zhastary – 2020» Ultyk bayandamasy (2020) Nacional'nyi doklad «Molodezh' Kazahstana – 2020». «National report Youth of Kazakhstan – 2020». Uderbaeva G.ZH., Sabitov ZH.M., Zhusupova A.S., Zholdybalina A.S., Ermahanova S.A., Shakenov M.A., Abuova D.G., Ahantaeva S. Zh., Sakoshev A.K., Pauli E.S. «Zhastar» gylymi-zertteu ortalygy, pp. 390.

«Kazakstandyk otbasylar – 2020» ultyk bayandamasy (2020) [The national program «Kazakhstan families – 2020»]. D.N.Esin, Ə.S.Kaidarova, Zh.S.Battalova, A.K.Rakisheva, A.I.Dosmuhambetova, G.M.Muhambetkalieva, A.M.Ashimova, A.B.Imankul, Z.T.Alinova, B.K.Ermekbaeva, Zh.A.Maratov, D.K.Arapov, ZH.K.Karimova, A.N.Rodionov, A.Zh.Bagramova, O.V. Nikolaeva, A.B.Turekulov. «Ruhani zhangyru» kazakstandyk kogamdyk damu instituty» KeAK. Nur-Sultan, pp. 392.

Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ultyk statistika byurosy (2021) [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. [Elektronic resource]. URL: <https://stat.gov.kz/misc/link>

Kazakstan Respublikasyndagy 2030 zhylyga deingi otbasylyk zhane genderlik sayasat tuzhyrymdamasy (2016) [The concept of family and gender policy in the Republic of Kazakhstan until 2030]. [Elektronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384>

Krys'ko A.A., Lancburg M.E. (2013) *Podrostkovaya beremennost' i yunoe materinstvo. Prichiny, problemy i puti resheniya* (Iz opyta raboty Instituta prikladnyh nauk, Gamburg, Germaniya) [Teenage pregnancy and young motherhood. Causes, problems and solutions (From the experience of the Institute of Applied Sciences, Hamburg, Germany)]. *Sovremennaya zarubezhnaya psikhologiya*, no 1, pp. 88-97. (In Russian)

Lancburg M.E. (2010) *Deyatel'nost' materinskih centrov po profilaktike otkazov ot rebenka* (na primere centra «Sharmiran», Grenobl', Franciya) [The activities of maternal centers for the prevention of child abandonment (using the example of the Charmiran center, Grenoble, France)]. *Psihologicheskaya nauka i obrazovanie*, no 5. [Elektronic resource]. URL: http://psyedu.ru/files/articles/psyedu_ru_2010_5_1961.pdf (In Russian)

Letourneau N.L., Stewart M.J., Barnfather A.K. (2004) Adolescent mothers: support needs, resources and support-education interventions. *Journal of Adolescent Health*, no 35 (6), pp. 509-525. [Elektronic resource]. URL: [https://doi.org/10.1016/S1054-139X\(04\)00069-2](https://doi.org/10.1016/S1054-139X(04)00069-2)

Orlova V.V., Larionova A.V., Antipova E.A. (2020) *Ranee materinstvo kak mnogoaspektnyi i mnogofaktornyi fenomen* [Early motherhood as a multidimensional and multifactorial phenomenon]. *Vektory blagopoluchiya: ekonomika i socium*, no 1 (36). (In Russian)

Pochagina O.V. (2015) *Odinokie materi v sovremennom Kitae: status i problem* [Single mothers in modern China: status and problems]. *Problemy Dal'nego Vostoka*, no 4, pp. 128-140 (In Russian)

Pochemu v kazakhstanskom zakonodatel'stve net ponyatiya «odinokaya mat'»? (2021) [Elektronic resource]. URL: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2021-07/pochemu-v-kazakhstanskom-zakonodatelstve-net-ponyatiya-odinokaya-mat>

Postanovlenie Plenuma Verhovnogo Suda RF ot 28.01.2014 № 1 «O primeneniі zakonodatel'stva, reguliruyushchego trud zhenshchin, lic s semeinymi obyazannostyami i nesovershennoletnih» [Resolution of the Plenum of the Supreme Court of the Russian Federation No. 1 dated 28.01.2014 «On the application of legislation regulating the work of women, persons with family responsibilities and minors»]. [Elektronic resource]. URL: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_158272/ (In Russian)

Reimer E.A. (2015) *Ranee materinstvo v bol'shom gorode* [Early motherhood in the big city]. *Sociologiya goroda*, no 3, pp. 32-38. (In Russian)

Reimer E.A. (2016) *Problemy social'noi profilaktiki rannego materinstva* [Problems of social prevention of early motherhood]. *Sociologiya mediciny*, vol. 15, no 1, pp. 30-33. (In Russian)

Rostovskaya T.K., Shimanovskaya YA.V. (2017) *Fenomen yunogo materinstva: problemy, tendentsii* [The phenomenon of young motherhood: problems, trends]. *Lokus: lyudi, obshchestvo, kul'tury, smysly*, no 1, pp. 119-125 (In Russian)

Sirotkina E.S. *Analiz deyatel'nosti gosudarstvennyh uchrezhdenii po social'noi podderzhke nesovershennoletnih mam* (2010) [Analysis of the activities of state institutions for the social support of underage mothers]. *Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo. Seriya Social'nye nauki*, no 1 (17), pp. 49-55 (In Russian)

Vasilchikov V.M. (2009) *Pravovoe obespechenie sotsialnoy raboty* [Legal support of social work]. *Ucheb. posobie*. M.: Izdat. tsentr «Akademiya», pp. 336. (In Russian)

«Ya sama!»: kakie l'goty i posobiya est' dlya materi-odinochki v Rossii? (2020) [«I myself!»: what benefits and allowances are there for a single mother in Russia?]. [Elektronic resource]. URL: <https://newslab.ru/article/994700> (In Russian)

Zhasospirim kyzzdar arasynda erte zhuktilik, zhasandy tusik. «Alash ajnasy» saity. [Early pregnancy, abortion among teenage girls]. Website «Alash aynasy». [Electronic resource]. URL: <https://alashainasy.kz/society/jasosprm-kyzzdar-arasynda-erte-juktlk-jasandyi-tusk-163149/>

Zhuk E.I. (2016) *Sostoyanie i osobennosti realizatsii gosudarstvennoi social'noi podderzhki semei s det'mi* (opyt Moskvy) [The state and features of the implementation of state social support for families with children (Moscow experience)]. *Moskva*, pp. 5. (In Russian)